

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

8. Cherevko K.E. Chinese Helerography and Formation of the Japanese Written Literary Language. Onthe Kojiki Material of Year 712 // Studies on the Japanese Culture, II. The Japan P.E.N. Club. Tokyo, 1973. С.528-533.

9. Черевко К.Е. К вопросу об изучении в СССР истории японской национальной культуры (О литературном памятнике "Кодзики") // Проблемы Дальнего Востока. 1973. №4. С. 184-186.

10. Черевко К.Е. Запись о деяниях древности. Введение и перевод фрагментов // Дневная звезда. Восточный альманах. Вып.2. М., 1974. С.415-448.

11. <https://librebook.me/kodziki>.

УДК 327.56

ЖАПОНИЯДАҒЫ «ҰЛТТЫҚ МҮДДЕЛЕР» ДОКТРИНАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН НӘТИЖЕЛЕРІ

Даулова Венера Бакчановна

veneradaulova00@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ шығыстану мамандығының 1 курс магистранты

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Г.Қ.Құрманғали

Әр ел өзіне тән ұлттық қауіпсіздік жүйесін қалыптастырады. Құрастыру үдерісіне тарих, экономика, саясат салалары өз әсерін тигізеді. Екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңілісінен кейін Жапония толығымен оккупация билігінің көмегіне тәуелді болды. Шығыс Азия аймағында коммунистік идеяларға қарсы ұстанымы бар серіктесті көздеген АҚШ алғашқы жылдары елдің экономикасын қайта көтеруді мақсат етті. Уақыт өте келе өткізілген біршама іс-шаралар Жапония экономикасын гүлдендірді. Жеңілістен кейін құлдыраған мемлекет енді әлемдегі көшбасшы елдердің қатарына кіре бастады. Ұлттық қауіпсіздік те оккупация билігінің көмегімен жүзеге асырылды. Ұлттық әскерді құруға тиым алған Жапония, АҚШ әскеріне толығымен тәуелді болды. Алайда, белсенділігі артқан ел саяси, экономика, ұлттық қауіпсіздік салаларында тәуелсіздігін алуға бел буды, оны іске асыру барысында бірқатар жұмыстар атқаруға белсене кірісті.

«Ұлттық қауіпсіздік» мәселелеріне деген саясаткерлердің көзқарастары Жапонияның экономикалық күші артқан сайын өзгере бастады. Сол кездегі Сыртқы істер министрі Охира Масаешидің айтуынша: «Жапонияның өркендеуі, қауіпсіздігі мен абыройы, елді қоршап тұрған теңіздердің қауіпсіздігіне байланысты»[1], - деген тұжырымдамасы 1950-60 жж жарияланған доктринада көрсетілген. Алайда, үкіметтің амбициялары елдің экономикалық дамуы мен әлеуеті бойынша әлемде екінші орынға шығуымен байланысты өсті. Жапон үкіметінің белгілі бір саяси топтарында АҚШ-пен қалыптасқан қатынастарды қайта қарастыру стратегиясы басталды.

Бұған зерттеушілер «Никсонның екі соққысы» деп аталатын америка үкіметінің әрекеттері себеп болды деп мәлімдеді. 1971 жылы Вашингтон өз валютасын сақтау мақсатында импортқа 10 % салық енгізді. Салық Жапонияға да енгізіліп, ол үкімет пен қоғам ішінде наразылықтың тууына әкелді[2]. Сонымен бірге, сыртқы саясаттың әскери құралдары елге жеңіс те, саяси ықпал да әкеле алмайтынын Токио үкіметі түсіне бастады.

Жапон билеуші элиталарының саяси бағыттарына халықаралық шиеленістің өршуі айтарлықтай әсер етті. Үкімет бұл халықаралық жағдайды тек экономиканы дамыту үшін ғана емес, сонымен қатар АҚШ-тан белгілі бір тәуелсіздікті алуға мүмкіндік ретінде қарастырды[3].

«Ұлттық қауіпсіздік» термині әскери аспектіден басқа саяси, экономикалық және әлеуметтік компоненттерді қамти бастауына жоғарыда аталған факторлар түрткі болды. Осылайша, «ұлттық қауіпсіздік» ұғымының жаңа кеңейтілген нұсқасы «ұлттық мүдделер» термині қалыптасты. Жаңа доктрина 1970 жылдары Токионың сыртқы саясатына байланысты барлық идеялық-теориялық қорын қамтыды. Жаңа саяси тұжырымдама 1975-1976 жж. Мики Такео үкіметі құрған үш негізгі тапсырманы орындауға бағытталған. Оның біріншісі: бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету (сыртқы-саяси аспект); екіншісі: қоғамдық тыныштықты, заңдылық пен тәртіпті сақтау (жапон қоғамының капиталистік қалыпты сақтауға бағытталған әлеуметтік-экономикалық аспект); үшіншісі: елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету (әскери аспект)[4]. Доктринаның жаңа әскери бағытының негізі ұғымы «қауіпсіздік» терминіне айналды.

Осындай саяси өзгерістер елдің әскери даму қарқынына өз әсерін тигізіп, әскери бюджетінің көрсеткіштері 2%-дан 0,8%-ға дейін айтарлықтай төмендегенін атап өтуге болады [5]. Қарулы күштерді қаржыландырудың азаюымен бірге, үкімет «әкелуге, өндіруге, иеленуге тиым салынады» атты үш ядролық қағидатты ұстана бастады. Сондай-ақ, қару-жарақ экспортына тыйым салу шаралары туралы бірқатар заң жобалары бекітіліп, өзін-өзі қорғау күштерінің ықпалы шектелді [6].

Осы кезеңде «ұлттық қауіпсіздік» термині «бүкіл әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылық» аспектілері арқылы қарастырылды. Бұл идея жапон саясаткерлердің халықаралық тақырыптағы барлық ресми мәлімдемелерде сыртқы саясаттың негізгі бөлігі ретінде қолданылды.

Жапонияның билеуші топтары үшін «бейбітшілік пен тұрақтылықты орнату» үшін төмендегідей үш мақсатты жүзеге асыру керек деді: 1) әлемдегі капиталистік экономика жүйесінің тұрақтылығына қол жеткізу; 2) социализм мен капитализм арасындағы әскери-саяси тепе-теңдікті сақтау; 3) Солтүстік пен оңтүстік арасындағы тұрақты экономикалық байланыстарды дамыту.

Жапон үкіметінің негізгі мақсаты – әлемдік деңгейде өз позициясын нығайту. Ол «бейбітшілік пен тұрақтылық» идеясында айқын көрінеді. Сонымен бірге, жоғарыда аталған мақсатқа жету үшін бұл тұжырымдама сыртқы және ішкі саясат құралы ретінде әскери факторды қолдануды толығымен жоққа шығарды.

«Ұлттық қауіпсіздік» доктринасының маңызды мақсаттарының бірі - Азия-Тынық мұхит аймағында өз саясатын жүргізу. Елдің саяси қайраткерлерінің айтуынша, «Азия-Жапония бейбітшілік пен өркендеуді қолдауға жауапты ең маңызды аймақ» болып табылады дейді. Жапон үкіметінде «Азиядағы бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау біздің әл-ауқатымыздың маңызды шарты» деген ойлары басым болды [7]. Азия әрқашан, Жапонияның «ұлттық мүдделер» саясатының негізгі бағыты болып табылды. Алайда, соғыстан кейінгі жеңілістен зардап шеккен Жапонияның Азия-Тынық мұхит аймағында ықпалы шектелді. Оған жапон экономикасының әлсіздігі, Жапонияға қарсылықтың жоғары деңгейі, сондай-ақ, АҚШ-тың аймаққа әскери-саяси бақылау орнатуға деген ұмтылысы себепкер болды.

1970 ж. басында Жапонияның халықаралық деңгейде белсенділігінің қарқынды өсуі байқалды. Саясатта халықаралық күштердің арақатынасы өзгерген сайын капитализм

әлсіреп, социализмнің белсенділігі артты [8]. Азия-Тынық мұхиты аймағының белсенді мемлекеттері - АҚШ, КСРО және ҚХР арасындағы қарым-қатынас ашық немесе жасырын қарсыласу сипатында болғандықтан, ашық пікірге негізделген Жапонияның аймақтық мәселелерді шешудегі делдалдық рөлі айқын болды. Жапония жоғарыда аталған мемлекеттердің өзара қақтығысына аса қатыспағандықтан, аймақтық мәселелерді шешуде реттеуші рөл атқаруға мүмкіндік алды. Күншығыс елі жаңа ұстанымдарды еске отырып, аймақтағы бейбітшілікті қолдап, үш елдің арасындағы шиеленісті бәсеңдетуге ұмтылды.

Осылайша, жетпісінші жылдары үкімет мемлекеттің сыртқы саяси тұжырымдамалар мен доктриналарын қарастырып, ұлттық мүдделерді, яғни ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді көздеді. Осы кезеңде халықаралық сахнаға социализм мен капитализм арасындағы қарым-қатынас проблемалары, сондай-ақ, әртүрлі халықаралық қақтығыстар орын алды. Осы жағдайлар Жапонияның экономикалық әл-ауқатына әсер етуі билікті алаңдатты. Сонымен бірге, Токио АҚШ алдындағы келісімшарттық міндеттемелерін жеңілдету үшін 1970 жылдардағы халықаралық қатынастарда болған өзгерістерді қолайлы жағдайлар ретінде қарастырды.

1978 жылдың аяғында премьер-министр қызметін атқарған М.Охира «ұлттық мүдделер» тұжырымдамасының жаңа нұсқасын ұсынды. Доктрина елдің сыртқы саясатының барлық аспектілерін және оның ықпал ету құралдарын қамтыды. Демек, ең алдымен экономикалық құралдарға басымдық берілгендіктен, жапон саясаткерлері оны «экономикалық қауіпсіздік» атты терминмен сипаттады. Халықтың тұрақты өмір сүру деңгейіне және елдің экономикалық өркендеуіне қол жеткізу доктринаның басты мақсаты болды [9].

1970 жылдардың аяғында Ирандағы Ислам революциясы, Иран-Ирак дағдарыстары Жапон экономикасының жағдайына тікелей қауіп ретінде бағаланды. Осы сыртқы сын-қатерлерге жауап ретінде премьер-министр энергия ресурстарын импорттаудың баламалы көздерін ұсынды. Оның пікірінше, осындай аймақтардың бірі Азия-Тынық мұхиты бассейні болуы керек еді [10]. «Тынық мұхиты қауымдастығы» деп аталатын идея жоғарыда аталған тұжырымдаманың практикалық көрінісі болды. 1980 ж. басқа елдерге жобаға қатысуға байланысты алғашқы ұсыныстар жасалынды. Мәселен, Канада премьер-министрі Э. Трюдо «Канада үкіметі Тынық мұхиты елдерімен бірлесіп, осы тұжырымдаманы жүзеге асыруға мүдделілігін атады» [11].

1982 жылы Жапонияның премьер-министрі «ынтымақтастық идеясының» соңғы нұсқасын ұсынды. Осы мәселе бойынша бастапқы нұсқаға біршама өзгерістер жасап, «саяси аспектілер мен қауіпсіздік мәселелеріне» назар аудару қажеттілігі бірінші орынға қойылды [12]. Іс жүзінде Азия мен Тынық мұхит елдеріне ұсынылатын «ынтымақтастық» арқылы Жапонияның аймаққа экономикалық интеграциясын күшейтуге бағытталғаны айқын көрінді. Алайда, АТР аймағының елдері осы идеяға қарсылықтарын білдірді.

Қазіргі таңда, Жапония қарулы күштердің көмегінсіз ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуі «ұлттық мүдделер» доктринасының сәтті өткізілуінің белгісі болып табылады. Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін Жапония милитаристік, қарулы күштеріне сенімді болды. Күш қолдана отырып, АТР аймағындағы белсенділігін арттырған Токио соғыстағы жеңілістен кейін экономиканың құлдырауы, саяси проблемалар, өмір сүру сапасының төмендеуі және т.б. көптеген қиындықтарға тап болды. Жапония көрші елдермен нашар қарым-қатынаста болды. 1970 жылдары үкімет осы қарым-қатынастарды жақсарту арқылы өз ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету құралы ретінде пайдалана алатынын түсінді. Осы идеялар «ұлттық мүдделер» атты тұжырымдамаға айналды. 21 ғасырда Жапония шет елдермен

жақсы қарым-қатынаста болуы осы тұжырымдаманың мемлекет үшін оңтайлы болғанын көрсетеді. Бейбітшілікті жақтап, қарулы күштерден бас тартқан Жапония белсенді, дамыған, көшбасшы елдердің біріне айналып отыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Алиев Р. Ш.-А. Внешняя политика Японии в 70-х – начале 80-х годов (теория и практика). М., 1986. С. 127.
 - 2 U.S. and Japan Mutual Defense Assistance Agreement [Electronic resource] // Annenberg Learner Workshop. 1951. URL: <http://www.learner.org/workshops/primarysources/coldwar/docs/usjapan.html>
 3. Шипов Ю. П. 1976 год – японская экономика на перепутье // Япония 1977 : ежегодник. М., 1978. С. 22.
 - 4.. Алиев Р. Ш.-А. Внешняя политика Японии в 70-х – начале 80-х годов... С. 128.
 - 5 昭和 54 年版 「わが外交の近況」 [Electronic resource] // 外務省 ホームページ . 1979. № 23. URL: <http://www.mofa.go.jp/mofaj/gaiko/bluebook/1979/s54-contents.html>
 6. National Defense Program Outline [Electronic resource] // The World and Japan Database. 1979. URL: <http://www.ioc.utokyo.ac.jp/~worldjpn/documents/texts/docs/19761029.O1E.html>
 7. 昭和 54 年版 「わが外交の近況」 [Electronic resource] // 外務省 ホームページ . 1979. № 23. URL: <http://www.mofa.go.jp/mofaj/gaiko/bluebook/1979/s54-contents.htm>
 8. United States-Japan Joint Communiqué of Prime Minister Fukuda and President Carter [Electronic resource] // The World and Japan Database. 1977. URL: <http://worldjpn.grips.ac.jp/documents/texts/JPUS/19770322.D1E.html>
 9. Алиев Р. Ш.-А. Внешняя политика Японии в 70-х – начале 80-х годов... С. 143.
 10. Никонов С. Н. О планах создания новой региональной организации стран бассейна Тихого океана // Проблемы Дальнего Востока. 1980. № 2. С. 172.
 11. Canada-Japan: Policy issues for the future / ed. by K. Lorne Brownsy. Quebec, 1989. P. 75.
- Japan's Relations with North America: the new Pacific interface / ed. by R. Matthew, K. Lorne Brownsy. 1990. P. 107.

УДК 323.2

ӘЙЕЛ, ӨМІР, БОСТАНДЫҚ: ИРАНДАҒЫ НАРАЗЫЛЫҚТЫҢ БАСТАУЛАРЫ

Құлмағанбетова Ақбота Сакенқызы

sakenkyzy00@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ шығыстану мамандығының 2 курс магистранты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – С.А. Тулеубаева

Ирандағы жаңа наразылық қозғалысы жалпы алғанда 2017 жылдың желтоқсан айының соңы мен 2018 жылдың қаңтар айының басында елдің бірнеше қаласында наразылық шерулері кезінен басталды. Әрине, наразылықтар бастапқыда жұмыссыздық, инфляция және негізгі тауарлар мен қызметтерге қолжетімділіктің жоқтығы сияқты экономикалық шағымдардан туындаған. Дегенмен, наразылықтар тез арада үкіметке қарсы